

«Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік.»

Мақсаты: Балаларды Отанды сүйуге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін артыруға тәрбиелеу. Сөйлеу мәнерін қалыптастыру, қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап берулерін қадағалау.

Көрнекіліктер: Елбасымыздың портреті, Қазақстан республикасының туы, елтаңбасы, әнұраны, Бәйтерек.

Әдіс- тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, қимылды ойын.

Оқу іс әрекетінің барысы:

Тәрбиеші: Құрметті ұстаздар, бүлдіршіндер бүгін біз дүниені дүр сілкіндірген 16 желтоқсан тәуелсіздік күніне арналған «Елімнің еркіндігі – Тәуелсіздік» атты ұйымдастырылған іс әрекетімізді бастаймыз

Бәріміз тік тұрып әнұран орындаймыз

-Ал енді шаттық шеңберге тұрып, таңғы жиынымызды айтайық.

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар, орнымызға отырайық.

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

-Иә, қыс мезгілі. Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады екен?

- Қыс мезгілінде неше ай бар?

-Қыс мезгілінің үш айын атайықшы.

-Балалар біз қай мемлекетте тұрады екенбіз?

Ия, біз тәуелсіз Қазақстан мемлекетінде, емін-еркін өмір сүріп жатырмыз. Бұл тәуелсіздікке еліміз оңай жеткен жоқ. 1986 жылы 16 желтоқсан оқиғасында Қ. Рысқұлов, Ербол Сыпатаев, Лаззат Асанова, Сабира Мұхаметжанова сияқты жап-жас аға апаларымыз құрбан болды. Міне содан бері тәуелсіздік алғанымызға 31 жыл толуда. Ендеше сол тәуелсіздікке арналған тақпақтарымызды айтайық.

Иманғали: Қазақстан азат елім

Таңғажайып туған жерім
Тек сен үшін мақтанамын
Қазақстан елім менің.

Нұрдәулет: Тәуелсіздік тірегім
Тәуелсіздік тілегім
Ертеңі деп елімнің
Қазақстан елім менің.

Айя: 16-шы желтоқсан
Тәуелсіздік алған күн
Ерекше боп мәңгілік
Ел жадында қалған күн

-Еліміздің астанасы қай қала?

-Нұрсұлтан қаласында қандай үлкен ғимараттар бар ?

-Біздің тұңғыш президентіміз кім?

-Ал қазіргі екінші президентіміз кім?

-Біздің мемлекеттік рәміздерімізге нелер жатады?

-Мына суретте нені көріп тұрсыңдар?

-Осы тулардың ішінен еліміздің туын кім көрсетеді?

-Тудың түсі қандай?

-Туда не бейнеленген?

Олай болса осы рәміздерімізге арналған тақпақтарымызды айтайық.

Шахкерім: Елтаңбасы елімнің
Неткен әйбат әдемі

Тұнығындай көңілдің

Ортада аспан әлемі.

Жанбота: Айнымайды аспаннан

Біздің тудың бояуы

Оны халық қашанда

Биікке іліп қояды.

Сұңқар: Барша халық таныған

Біздің үміт тілекті

Шырқалады әнұран

Шаттық кернер жүректі

Сергіту сәті:

Топпен жұмыс.

1. топ .Қиылған туды құрастыру.
2. топ .Тудың бейнелерін орнына қою.
3. топ. Елтаңбаны құрастыру.
4. топ. Туды жапыстыру.

Жарайсыңдар балалар, бүгінгі ұйымдастырылған оқу іс әрекетімізді қорытындылап жіберейік.

Бүгінгі тақырыпта немен таныстық.

Ендеше балалар сабағымызды қорытындылай келе көңілімізді бір сергітіп қимылды ойын ойнайық.

Көк аспанда біз екеуміз.

Көк аспанда біз үшеуміз.

Көк аспанда біз төртеуміз

Көк аспанда біз көппіз.

Осымен біздің оқу іс әрекетіміз аяқталды. Еліміздің іргесі тыныш, халқымыз аман, аспанымыз ашық, бейбітшілігіміз мәңгілік болсын.